

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития»**. - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 269-270.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕТТІ МАЛ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Салықов Д. магистрант,
Оспанова Н., магистранттар
Омарқожаұлы Н. ғылыми жетекші – профессор*

Етті мүйізді ірі қара мал шаруашылығының қарқынды дамуы, шаруа аралық кооперация, интеграция және мамандандыру арқылы өндіріс технологиясын ірілендіріп, инновациялық үдеріс енгізуге мүмкіндік тудыратын өндірістік негізде ұйымдастыруға көшіру қажет. Ірі, өндіріс технологиясы механикаландырылып, автоматтандырылған кешендерде мал басымен бағытты селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізіп, өсіредетін табынның тұқымдық қасиеттерін жақсартып, олардың айқындалуына оңтайлы азықтандыру мен бағып-күту жағдайларын орынату арқылы өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартуға жол ашылады [1]. .

Етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал шаруашылығы өнімділігі, негізінен сиырлар басының өнімдік пайдалану мерзімі мен табындағы аранжировкалуына тәуелді болып келеді. Өйткені түсетін пайда тікелей сиыр басының төлдегіштігіне байланысты болғандықтан, табындағы сиыр басынан жалына бір бқзау алуды көздеп, жүзеге асыру қажет. Алғашқы сауылымда құнажындардың 25 пайызын праққа шығаруды жоспарлай отырып, табын құрылымында әр 100 сиырға 20 құнажын келуін бағдарлайды. [2, 3].

Етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал ресурстарын толықтырып, жоғары сапалы сиыр етін өндіруді молайту үшін табындағы аналық бастар үлесін арттыру қажет. Мұны шет елдерден сатып алынған етті бағыттағы таза тұқымды мамандандырылған жоғары өнімді бастармен толықтыру мен қатар, олармен будандастырылу арқылы тұқымдық қасиеттері мен өнімділігі жақсартылған будандарын тауарлық шаруашылықтарда өсіру арқылы жүзеге асыруға болады. Олардың аналық бастарды азайтуына шектеу қойып, бұзау басын арттыруға ынталандыру шараларын қарастыру қажет. Ол үшін Республикалық етті мүйізді ірі қара мал шаруашылығы палаталарының асылдандырылған мал басын өсіретін шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарының материалдық-техникалық базасының барына және оларда өсірілетін мал басына дәл тұқымдық есеп жүргізіліп, сұрыптау-селекциялық ісінің дұрыс жолға қойылғандығын бақылауға алу керек.

Мамандандырылған етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал басының кемдігенен, сапалы сиыр етінің өндірісін өрістетуде бұл шаралар аумағында, тіпті сүтті және сүтті-етті, етті-сүтті бағыттардағы малдарды қамтыу арқылы

олардың еттілігін өсіріп, етінің сапасын жақсартуға болатыны көрсетіліп отыр. Осы жұмыспен қамтылған репродуктор-шаруашылықтарда жүргізілген етті малмен будандастырудың барлық нұсқаларында алынған төлдің тірілей салмақ қосуы артып, салмақ қосу бірлігіне шығындалған азық шығыны кеміп, сойыс алдындағы салмағы мен шығымы жоғарылап, ұшасының тауарлығы мен етінің сапасы жақсарған. Еліміздегі сиыр басының 40%-ын етті бағыттағы бұқа ұрығымен ұрықтандыру арқылы жылына қосмша 200-300 мың т жоғары сапалы сиыр етін өндіруге болады.

Сала дамуын жүйелейтін мұндай операторлар ретінде шаруашылықтардағы аналық бастардың көбеюінен бордақылауға түсетін төл басының өсуіне мүдделі өндірістік бордақылау кешендерін тартуға болады. Олар елімізде жоғары сапалы сиыр етін өндіру кластерін жеделдете қалыптастыру мақсатында, бағдарламмамен қамтылған жеке және фермерлік шаруа қожалықтарының несиесін өсірілген төл, яғни тауар, есебінен өтеуге мүмкіндік тудырады.

Мүйізді етті қара мал шаруашылығындағы тауарлық бастарды көбейтудің негізгі драйверлері ретінде селекциялық асылдандыру-сұрыптау жұмыстарын жеңілдете несиелендіру мен жекелеген шаруа қожалықтарының аналық сиыр бастарын республика-лық «Сыбаға» бағдарламасы қаржысына алу қаралады. Саланы дамытудың қосымша драйверлері ретінде, тауарлық шаруашылықтардың етті типті будандарына түбелікті сұраныс тудыратын өндірістік технологиялы бордақылау кешендері қаралады. Оларды жеңілдетіп несиелендіру арқылы етті типті будандарды жеммен жеделдетіп бордақылып, етке сою көзделеді.

Осындай ұйымдастыру-технологиялық шараларды жүзеге асырылуы арқылы бүгінгі күнге қалыптасқан, ... *шаруашылық-репродуктар – тауарлы шаруашылық – бордақылау алаңы...* технологиялық тізбек бағдарламасымен етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал өсірумен шұғылданған шаруашылықтардың үштен бір бөлігі қамтылып, тауарлық етті бағыттағы мал басы 250 мың шамасынан 1 миллион шамасына жетіп отыр. Стационарлық бордақылау бастарының көбеюі сойыс малының тірілей салмағы мен сойыс шығымдарын жоғарылатып, жалпы өндірілетін сиыр етінің мөлшерін молайтты.

Нарықтық сұранысы жоғары, экспорттық мүмкіндігі бар премиалды сиыр еті кластерін қалыптастырып, өндірісін қарқындату үшін, Республикалық етті бағыттағы мал өсіру палаталары келесі ұйымдастыр-технологиялық шараларын жүзеге асыруды қажет деп санайды:

1) Мүйізді ірі қара малдың Абердин-ангусс, Герефорд, Әуликөл, Қазақтың ақбас және басқа да етті бағыттағы тұқымдарының генофондын байытып, еттілігін арттырып, тауарлық шаруашылықтардағы сиырлар басын өндірістік будандастыруға жеткілікті тұқымдық бұқалар өсіретін репродуктор-шаруашылықтарын жетілдіру керек;

2) Өндірістік негізде толық құнды рациондармен 90-180 күнде жедел бордақылап, жоғары сапалы «мәрмәрлі» ет өндіретін сиымдылығы 5 мыңнан

астам бордақылау кешендеріне тұқымдық қасиеттері жақсартылған бұқашықтарыдың үздіксіз жеткізілу шараларын қолға алу керек;

3) Етті бағыттағы мүйізді ірі қара малды жайылымда жайып, жетілдіріп семіртіп, экологиялық таза сиыр етін өндіретін тауарлы шаруашылықтар мен кооперативтерді будандастыра шағылыстыруға қажетті тұқымыдық бұқалармен қамтамасыз ету керек;

4) Тұқымдық бұқаларды мақсатты пайдаланып, сұрыптау-асылдандыру ісінің деңгейін аттыру үшін бүкіл өсірілетін бастарды электрондық режимдегі ақпараттық-сараптау жүйесіне тіркеп, идентификациялап, бақылауға алу керек;

5) Мүйізді ірі қара мал шаруашылығының өндірісінің сапасы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мал басын өсіру мен жетілдіріп бордақылау барысындағы бүкіл технологиялық тізбегіне үнемі ветеринарлық-санитарлық бақылау орнату керек,

6) Бордақыланған мал басын сою, ұшасын жіліктеу мен өңдеу өнімдерінің тауарлық сапасын сақтап, вакуумды қаптауды халық стандарттарының талаптары бойынша жүргізу керек.

Әдебиеттер тізімі

1 Бекенев, В.А. Необходимость селекционного преобразования животноводства // «Зоотехния», 2008, №4.- 3-7 б.

2 Кинеев М.А., Аманжолов Қ.Ж. Қазақстанда етті ірі қара шаруашылығын дамытудың кейбір мәселелері // «Жаршы», 2011, №11.- 19-22 б.

3 Kazhgaliev N., Sauenov S., Omarkozhauy N., Surkin A. Adaptability and Productive Qualities of Imported Beef Cattle Under the Conditions of the Northern Region of Kazakhstan // «Bijsiens Biotexnology Research Asia». - Vol. 13(1). 2019, 531-538 б.